

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1430 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 тамыздағы N 861 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1430 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 48, 484-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде: реттік нөмірі 68-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы